

Ұлтты ұлықтаған жазушы

**(жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ілияс
Есенберлиннің туғанына 105 жыл (1915-1983)).**

№ 2 облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының абонемент бөлімінде жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ілияс Есенберлиннің туғанына 105 жасқа толуына орай «Ұлтты ұлықтаған жазушы» атты көрме қойылып, шолу жасалынды.

Қазақстан республикасы мемлекеттік сыйлығының лауреаты, қазақ әдебиетінің тарихында бүгінге дейін ең көп роман жазған жазушы І. Есенберлиннің қаламынан туған «Айқас», «Ғашықтар», «Қатерлі өткел», «Алтын құс», «Маңғыстау майданы», «Махаббат мейрамы» романдары тың тақырыпта жазылып, қазақ әдебиетінде оған дейін мүлде көтерілмеген мәселелерді қозғаған, оқырман сүйіспеншілігіне бөленген туындылары еді. Осындай керемет туындыларының бірі, алты кітаптан тұратын «Көшпенділер» тарихи эпопеясы сөз өнерінің әлемдік нұсқасына қосылған тарихты көркемдік пайымдаудың үздік үлгілерінің бірі болып қала бермек.

Ілияс Есенберлин – қазақ әдебиетінде алғашқы болып тарихи зерде тамырына қан жүгіртіп, тұншыққан сананы қапастан шығаруға жол салған, ұлт рухын тірілткен жазушы ретінде қазақ әдебиетінің тарихында оқшау орны бар тұлға. Мұндай көркем әдебиетіміздің дара тұлғаларын насихаттау, келешек ұрпақ тәрбиесінде ерекше орын алар, маңызы зор демекпін.



ҰЛТЫ ҰЛЫҚТАҒАН ЖАЗУШЫ

Жазушы, мемлекеттік сыйлығының лауреаты
Лияс Есенберлиннің туғанына 105 жыл

